

## ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ АЛГОРИТМІ

### 1. Аттестаттаудан өткізу

Аттестаттау рәсімі 2025 жылдан бастап кезең – кезеңімен (2025 жылы – педагог-модератор, педагог-сарапшы, 2026 жылы – педагог-зерттеуші, педагог-шебер) педагогтердің кәсіби қызметі туралы деректерді жинауды және өңдеуді қамтамасыз ететін «Ұстаз» педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасында (бұдан әрі – Платформа) өткізіледі.

Педагогтерді аттестаттау жүзеге асырылады:

**Платформа арқылы:**

«педагог-модератор»;

«педагог-сарапшы»;

**электрондық үкіметтің веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы:**

«педагог-зерттеуші»;

«педагог-шебер»;

«үшінші санат басшысы»;

«екінші санат басшысы»;

«бірінші санат басшысы»;

«үшінші санат басшысының орынбасары»;

«екінші санат басшысының орынбасары»;

«бірінші санаттағы басшының орынбасары».

### 2. Педагогтің білімін бағалау (бұдан әрі – ПББ)

2.1. ПББ өтуге өтініш берген кезде педагогтер тапсыру тілін (қазақ, орыс), күнін, уақытын, тестілеу орнын таңдайды. Тестілеуден бір күн бұрын педагогке өтініште көрсетілген электрондық поштаға тестілеу күні, уақыты, орны туралы хабарлама жіберіледі.

Педагогтер келесі жағдайларда ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді қорытындылаудан өтеді:

1) қолданыстағы жүйе бойынша бұрын берілген біліктілік санатын растаған жағдайда 30 (отыз) және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар;

2) «бірінші», «жоғары» санаттарына ие педагогтер «педагог-модератор» біліктілік санатына көшу кезінде;

3) «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» біліктілік санатын қатарынан екі реттен артық емес растаған жағдайда.

**МАҢЫЗДЫ! ПББ ағымдағы жылдың ақпан-маусым айлары аралығында өткізіледі.**

**Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқару органдарымен аттестатталатын педагогтердің тізімі бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.**

2.2. ПББ жүргізу кезінде рұқсат берілмейтін заттарды анықтаған немесе тапсыру мерзіміне қарамастан ПББ өткізу бейнежазбасын қарау кезінде ПББ өткізу ережелерін бұзу дерегі анықталған жағдайда ережелерді бұзу актісі жасалады, ПББ нәтижесі жойылады.

**МАҢЫЗДЫ! Бұзушылық анықталған жағдайда педагог 1 (бір) жыл мерзімге аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, біліктілік санаты бір деңгейге төмендетіледі. ПББ өткізу ережесін бұзу қайталанса, педагогке бес жыл бойы аттестаттаудан өтуге рұқсат етілмейді, біліктілік санаты «педагог» деңгейіне дейін төмендетіледі.**

### **3. Педагогтердің құжаттарын (портфолиосын) қалыптастыру**

3.1. Білім беру ұйымының әкімшілігі біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес аттестаттау кезеңіндегі педагог құжаттарын (портфолиосын) электрондық форматта жинайды.

Педагогтің «педагог-модератор», «педагог-сарапшы» біліктілік санатына арналған құжаттары (портфолиосы) Платформада әр түрлі дерекқорлардан құжаттарды (мәліметтерді) жинау және өңдеу арқылы қалыптастырылады.

Платформада әр түрлі дерекқорлардан қалыптастырылатын цифрланған деректері немесе құжаттары (мәліметтері) болмаған жағдайда, деректер қолмен енгізіледі. Деректерді енгізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жауапты тұлғалар тағайындалады.

Құжаттарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде академиялық адалдық қағидаты сақталады.

**МАҢЫЗДЫ! Аттестатталатын педагогтің құжаттарын тапсырғанға дейін құжаттама жинаудың сүйемелденуіне білім беру ұйымының әкімшілігі, ал құжаттардың толықтығы мен дәйектілігіне педагог жауапты болады.**

**Құжаттарды (портфолионы) қалыптастыру кезінде дұрыс емес мәліметтер беру фактісі анықталған жағдайда педагог, басшының орынбасары бес жылға, білім беру ұйымының басшысы – үш жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді, бұл ретте «педагог», «басшы», «басшының орынбасары» біліктілік санатына дейін төмендетіледі.**

3.2. Құжаттар (портфолио) мынадай өлшемшарттарға сәйкес жылдар бойынша жинақталады: білім сапасы (динамика) / білім беру бағдарламасын игеру динамикасы; оқыту сапасы; білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) және педагогтің жетістіктері; тәжірибені жинақтау және тарату; біліктілікті арттыру:

- білім алушылардың білім сапасын талдау жөніндегі құжаттар соңғы 3 жылда жыл/тоқсан/жартыжылдық бөлінісіндегі салыстырмалы кестелерді, нәтижелерді талдау негізінде қорытындылар мен ұсынымдарды қамтитын

есеп түрінде ұсынылады (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен қуаландырылады). Бұл ретте білім сапасының көрсеткіштерінің динамикасы оқу жылының басында және соңында, сондай-ақ орташа алғанда 3 жыл ішіндегі жалпы динамикасы есепке алынады, бұл педагогтің сыныбы немесе тобы өзгерген жағдайда да маңызды. Жиынтық бағалау жүргізілмейтін пәндер бойынша балл қойылмайды, дағдыларды одан әрі дамыту үшін білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) білімінің, іскерлігі мен дағдыларының қалыптасуы бойынша қорытындылар мен ұсынымдармен мониторингті ұсыну қажет;

- білім беру ұйымы басшысының (орынбасарының, әдіскерінің), педагогінің сабақты (сабақты, ұйымдастырылған қызметті, іс-шараны, тексеру және консультация беру рәсімін) бақылау парақтары: әдістемелік кабинет (орталық) әдіскерінен кемінде бір, аттестаттау комиссиясы мүшесінен кемінде бір (байқау парағы білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің байқау парақтарын қоспағанда) және басшының қолымен қуаландырылады). Бақылау парақтарында педагогтің тәжірибесін дамыту үшін қорытындылар мен ұсыныстар қосылу қажет;

- түзету мекемелері жанындағы білім беру ұйымдарында сабақтарды бақылау түзету мекемесіне алдын ала өтінім беру арқылы жүргізіледі. Түзету мекемелері жанындағы ұйымдардағы педагогтер үшін аттестаттау комиссиясының мүшелерінен сабақтарды бақылау парақтары болған жағдайда;

**МАҢЫЗДЫ! Бақылаулар саны жыл сайын кемінде 5.**

- педагог пен білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) жетістіктерінің дәлелі - сертификаттардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен қуаландырылады);

**МАҢЫЗДЫ! Конкурстық іс - шаралар уәкілетті орган бекіткен тізбеге (ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығы) немесе облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары бекіткен тізбеге немесе қосымша білім беру ұйымдары үшін-тиісті саланың уәкілетті органы бекіткен білім беру саласындағы конкурстық іс-шаралар жоспарына кіруі тиіс. Педагогтер қатысатын іс-шаралар педагогикалық қызмет бейіні бойынша болуы тиіс.**

**Жоғарыда көрсетілген тізбелерге енгізілмеген іс-шаралар аттестаттау кезінде есепке алынбайды.**

- тәжірибені жинақтау және тарату дәлелдемелері - бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), бағдарлама көшірмесі (білім беру ұйымының мөрімен (платформада аттестатталатын педагогтердің материалдарын қоспағанда) және басшының қолымен қуаландырылады), іс-шара материалдарына сілтеме;

Авторлық бағдарлама мен әдістемелік материалдарды бекітудің дәлелі оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді болып табылады

Әдістемелік материалдар бекітіледі:

- «педагог-модератор» - білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен;

- «педагог-сарапшы» - аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен;
- «педагог-зерттеуші» - білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен;
- «педагог-шебер» - Оқу-ағарту министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесімен (Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА).

**Ескертпе: Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша нұсқаулық қоса беріледі (2-қосымша).**

**МАҢЫЗДЫ!** «Үздік авторлық бағдарлама» байқауына немесе басқа да әдістемелік іс-шараларға қатысу, грамоталарды (сертификаттар, алғыс хаттар) алу педагогтің авторлық бағдарламасын немесе әдістемелік материалдарын бекітудің дәлелі болып табылмайды.

«Педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» біліктілік санаттарына аттестатталатын педагогтер үшін Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының, РҒПҚББО, балаларды ерте дамыту институтының, АИББДҰҒПО немесе ҚР ОМ ұсынған басылымдарында тәжірибені зерттеу бойынша жарияланымның дәлелдерін ұсыну қажет. Жарияланымға 3 автордан артық емес рұқсат етіледі.

**МАҢЫЗДЫ!** Тізілімге кірмейтін басылымдардағы жарияланымдар есепке алынбайды.

#### **4. Мерзімінен бұрын аттестаттау**

Біліктілік санатын мерзімінен бұрын беруге тиісті қызмет нәтижелері болған жағдайда кезекті аттестаттаудан кейін кемінде 2 (екі) жыл өткен соң жол беріледі. Педагогтердің мерзімінен бұрын аттестаттауға арналған құжаттарын (портфолиосын) білім беру ұйымы біліктілік санатына қойылатын талаптарға сәйкес тексереді. Білім беру ұйымы құжаттар (портфолио) сәйкес келмеген жағдайда педагогті мерзімінен бұрын аттестаттауға ұсынбайды.

**МАҢЫЗДЫ!** 2024 жылы ҚР Оқу-ағарту министрлігіне «педагог-шебер» санатын мерзімінен бұрын беру үшін 77 педагогтің құжаттары келіп түсті. Қарауға ұсынылған барлық құжаттар талаптарға сәйкес келмейді, бұл жауапты мамандардың педагогтерді аттестаттауға алдын ала даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін (түсіндіру жұмыстары, портфолио толықтығын қарау, оның белгіленген өлшемдерге сәйкестігі) тиісінше орындамағанын куәландырады.

Осыған байланысты, санатты мерзімінен бұрын беруге үміткерлермен дербестендірілген, мақсатты жұмыс жүргізу қажеттілігіне назар аударамыз.

## 5. Біліктілік санатын беру (растау) туралы шешім қабылдау

Білім беру саласындағы уәкілетті органда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында, білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін ағымдағы оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін бірінші басшы бұйрығымен мынадай біліктілік санаттары үшін Комиссиялар құрылады:

- білім беру ұйымдарында:

«педагог-модератор»;

- ауданның (қаланың), облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органында:

«педагог-сарапшы»;

«үшінші санаттағы басшының орынбасары»;

«екінші санаттағы басшының орынбасары»;

«үшінші санаттағы басшы»;

«екінші санаттағы басшы»;

- облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың білім беруді басқару органында:

«педагог-зерттеуші»;

«бірінші санаттағы басшының орынбасары»;

«бірінші санаттағы басшы»;

ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) үшін - «педагог-сарапшы», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы»;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органның жанынан:

«педагог-шебер»;

білім беру ұйымдары, әдістемелік кабинеттер (орталықтар), ведомстволық салалық мемлекеттік органның бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін: «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «үшінші санаттағы басшының орынбасары», «екінші санаттағы басшының орынбасары», «бірінші санаттағы басшының орынбасары», «үшінші санаттағы басшы», «екінші санаттағы басшы», «бірінші санаттағы басшы».

## 6. Аттестаттау комиссиясының шешімі

Комиссия педагогтерді аттестаттау нәтижелері бойынша **2025 жылғы 1 тамызға дейін** қорытынды шешім қабылдайды.

Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді, оның негізінде аттестаттаушы орган (білім беру ұйымы, аудандық (қалалық) білім бөлімі, білім басқармасы, білім беру саласындағы уәкілетті орган) біліктілік санатын беру (растау) туралы бұйрық шығарады. Білім беру ұйымымен осы бұйрық негізінде педагогтерге біліктілік санатын беру (растау) туралы куәлік беріледі.

**МАҢЫЗДЫ! Біліктілік санаты үшін педагогтерге қосымша ақы төлеу аттестаттаушы органның бұйрығы негізінде 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап жүзеге асырылады.**

**7. Педагогикалық өтілі жоқ** (жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері) **жұмысқа қабылданған «педагог- тағылымдамашы»** үшін тәжірибелі педагогтер арасынан тәлімгер айқындалады. Бір жыл өткеннен кейін «педагог-тағылымдамашының» өтініші негізінде білім беру ұйымының бірінші басшысы бұйрығымен **аттестаттау рәсімінен өтпей, сондай-ақ ПББ тапсырусыз «педагог» санаты беріледі.**

Педагогикалық қызметті қайта бастаған кезде 5 жылдан кем үзілістен кейін қайта оралған және ПББ өткен тұлғаларға «педагог» санаты, 5 жылдан астам үзілістен кейін – «педагог-стажер» санаты беріледі.

**8. Қолданылу мерзімі 2025 жылы аяқталатын (оның ішінде мерзімі екінші жартыжылдықта аяқталатын) «екінші», «бірінші», «жоғары» ескі форматтағы біліктілік санаттары бар педагогтер** ағымдағы жылы жаңа форматтағы біліктілік санаттарын беруге аттестаттау рәсімінен өтуге міндетті.

Жаңа форматтағы біліктілік санаттарын беруге өтініш бермеген жоғарыда аталған педагогтерге автоматты түрде «педагог» санаты беріледі.

**Подпись канцелярии**

24.01.2025 18:04 ТАМАМОВА ЗАУРЕШ

**Подпись руководителя**

24.01.2025 17:52 ЧОКУШЕВА АЛИЯ



<b>Тип документа</b>	Входящий документ
<b>Номер и дата документа</b>	№ 1031 от 27.01.2025 г.
<b>Организация/отправитель</b>	МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
<b>Получатель (-и)</b>	УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АСТАНЫ

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.